**«№ 34 «Таңшолпан» бөбекжай – балабақшасы**
**Қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс № 4 отырысы**
**ХАТТАМА № 4**

**Күні: 27.12.23**
**Қатысқандар:** меңгеруші және 9 – кеңес мүшелері

**Күн тәртібінде:**

1. **«Қамқорлық» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру туралы**
2. **Қайырымдылық акциясының өткізілуіне демеушілерді тарту.**

**Тыңдалды:** Жиналысты Қамқоршылық кеңес төрайымы Ж.С.Муханова ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. 1-2 мәсселелер бойынша бөбекжай – балабақшасының меңгерушісі А.Е.Карабалина сөз алып, баяндады. Меңгеруші № 34 «Таңшолпан» бөбекжай - балабақшасында тәрбиеші көмекшісі болып жұмыс жасаған Сагымбаева Әсемгүлдің отбасына көмек қолын созуға ұсыныс тастады. Әлеуметтік педагог Қ.С.Қуантаева сөз алып, Ә.Сағымбаеваның әлеуметтік отбасылық жағдайларын баяндады. Ә.Сағымбаева 5 бала тәрбиелеп отырған, жалғыз басты ана екендігін, жолдасы 1 жыл бұрын қатерлі дерттен көз жұмып, балаларының кішкентай екендігін айтты. Бес баланың үлкені 9 жаста, кішілері 1 жас 7 айлық егіздер. Ә.Сағымбаеваның пәтер жалдап тұратынын және бала тәрбиесімен үйде отырғандығын айтып өтті.

**Сөз алғандар:**
Кеңес мүшелері: Аида Казиханқызы «Қамқорлық» акциясы аясында демеушілерден жиналған қаржы немесе қажеттіліктерді жоғарыда айтылған отбасыға көмек ретінде берілгендігін дұрыс деп есептейтінін айтты. Өткен отырыста атаулы әлеуметті көмек алатын отбасы балаларына жаңа жылдық сыйлық табыстағымыз келгендігін, дегенмен АӘК алатын ата-ананың бірі өзі екендігін, қамқоршысынан айырылған көпбалалы анамен салыстырғанда әлеуметтік жағдайдың тұрақты екендігін ашып айтты.

Кеңес мүшелері: Айтекова Асел жоғарыда айтылған ойға қосылатындарын және осы акцияға қаржылай демеуші болатының айтты.
Кеңес мүшелері: Г.Байдекенова, Г.Е.Рүстем, Н.Асанова жалғыз басты ана мен салыстырғанда АӘК алатын отбасының балалары әке мен анасының ортасында тәрбиеленіп жатырған, толық отбасы балалары екендігін айтып, көмекті Ә.Сағымбаеваға көрсету керектігін ашып айтты.
Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес мүшелері Н.А.Камшыбекова мен Г.Жәкен бірнеше кәсіпкерлердің тізімін оқып, демеуші болуға ұсыныс жасағандықтарын айтып өтті. «Қамқорлық» акциясының өткізілуіне кеңес мүшелері белсенділікпен атсалысатындықтарын айтты.
Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Қ.С.Қуантаева сөз алды. «Айналайын» балалар киімі дүкенінің иесі жеке кәсіпкер Маханова Аигерим Сансызбаевнаға хабарласқанын және кәсіпкердің келісім бергендігін, балаларды қыстық жылы киімдермен қамтамасыз ететіндігін айтты.

Екінші мәселе бойынша А.Айтекова мен А.Казиханқызы демеуші болатындығын мәлімдеді.

№ 34 «Таңшолпан» бөбекжай – балабақшасы қамқоршылық кеңес отырысы күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдап, талқылай келе қаулы етеді:

**Шешім:**

1. «Қамқорлық» акциясы жаңа жыл мерекесі аясында ұйымдастырылып Ә.Сағымбаеваның отбасына көмек көрсетілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Ж.Муканова

Мүшелері: А.К.Нуркенова

А.Казиханқызы

Г.Байдекенова

А.Айтекова

Г.Е.Рүстем

Н.Асанова

Н.А.Камшыбекова

Г.Жәкен